

**Халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді ұсыну қағидаларын, мерзімін және нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 279 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 97 бірлескен бұйрығы.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабы 19-6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтер нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік орган басшыларының соңғысы оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі _____ Е. Жамаубаев	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты қорғау министрі _____ С. Шәпкенов
---	--

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 279 және  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 97 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді ұсыну қағидалары және мерзімі**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді ұсыну қағидалары және мерзімі (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі ) 26-бабы 19-6-тармағына сәйкес әзірленді және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның (бұдан әрі – Уәкілетті орган) әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді (бұдан әрі – Мәліметтер) ұсыну тәртібі мен мерзімін айқындайды.

**2-тарау. Халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдері**

2. Уәкілетті орган мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеттінің "Интеграцияланған деректер қоры" ақпараттық жүйесіне осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша Мәліметтердің өзгеруіне қарай күнделікті автоматтандырылған тәртіппен береді.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетті осы Қағидалардың шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 279 және  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 97 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

**Әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтер**

№	Жеке тұлға бойынша мәлімет		Төлем түрі	Төлем сомасы, теңге
	жеке сәйкестендіру нөмірі	тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)		
1	2	3	4	5

"Әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтер" нысанына қосымша

**"Әлеуметтік жәрдемақылар алатын адамдар және оларға төленетін жәрдемақылардың мөлшері бойынша, сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері бойынша мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

"Әлеуметтік қамсыздандыру, сонымен қатар зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы уәкілетті органның тек сақтандыру ұйымдарының зейнетақы төлемдерінен басқа, әлеуметтік төлемдер алатын адамдар және оларға төленетін төлемдер мөлшері туралы, зейнетақы төлемдерін алатын адамдар және олардың мөлшері туралы мәліметтер" нысанын халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ұсынады және мынадай деректерді қамтиды:

- 1 – бағанда – жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2 – бағанда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 3 – бағанда – 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;
- 4 – бағанда – төлем түрі көрсетіледі;
- 5 – бағанда – төлем сомасы теңгемен көрсетіледі.